



Құрметті құдамыз Жұмақай МҰҒАЛҰЛЫН мерейлі 75 жасқа толуымен құттықтаймыз!
Деніне саулық, бақытты күндер, шығармашылық шабыт, отбасына амандық тілейміз! Ұрпақтарыңыздың қызығын ұзағынан көріп әрбір жаңа белесті қуанышпен қарсылай беріңіз!

Азаматсыз ел үшін еңбек еткен, Ұстаздықтан әкімге дейін жеткен. Өткен күнде із қалды жоғалмастай, Тарихына ауданның мәңгі кеткен.
Сыйлы жансыз зор бедел қасына ерген, Журналистсіз жастарға бағыт берген. Алты кітап сіз жазған — ел қазынасы, Оқырманын тез тауып, қолдау көрген.
Тілеріміз тұрақтап бақыт басқа, Үлгі бола беріңіз талай жасқа. Мақтан етіп жүрейік сізді құда, Көре алмастың тіл-көзі тисін тасқа.
Ізгі тілекпен: құдасы Дүйсенбай, күйеу баласы Қадыржан-Гүлназ, жиендері Әли, Әсет, Айзада



Құрметті Гүмаров Жұмақай МҰҒАЛҰЛЫ!
Сізді мерейлі 75 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Саналы ғұмырыңызды қазақ журналистикасының дамуына, елдің рухани орлеуіне арнап, қажырлы еңбек етіп келе жатқан Сіз — көпке үлгі болатын абзал азамат, ауданымыздың мақтаншысысыз. Сіздің қаламыңыздан туған әрбір дүние — елдің мұң-мұқтажын көтерген, халықтың үніне айналған құнды мұра. Жылдар бойғы еңбегіңіз бен кәсіби шеберлігіңіз, азаматтық ұстанымыңыз Сізді үлкен құрметке бөлеп отыр. Сонымен бірге білім беру ісінде, мемлекеттік қызметте бола жүріп, жастарға бағыт-бағдар, тәлім-тәрбие көрсетіп келе жатқан еңбегіңіз ерекше бағалауға лайық. Осы айтулы мерейтойыңызда Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, шығармашылық табыс тілейміз. Әрдайым абырой биігінен көріне беріңіз!
Ізгі тілекпен, Сансызбай Шарипұлы, Нұрлан Кәрімұлы отбасыларынан



Қымбатты Жанғалиева Бақыт ХАЛИДОЛЛА-ҚЫЗЫ!
Сізді мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл — өмір жолыңыздағы ерекше белеc, даналық пен тәжірибенің, сулулық пен сабырдың тоғысқан шағы. Сіз әрдайым айналаңызға жылу шашып, мейіріміңізбен көпке үлгі болып келесіз. Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық пен береке тілейміз! Әр пәлсіз қуанышқа толы, әр сәтіңіз шаттыққа бөленсін. Армандарыңыз орындалып, жақындарыңыздың ортасында бақытты ғұмыр кешіңіз.
Ізгі тілекпен, Мажитовтар отбасы

DOS.TV орнатып беремін. 1 жыл тегін — 160 арна. Интернет болса YouTube те көре аласыз. Бағасы 20 000 тт. **87024789191**

ЖАСӨСПІРІМ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ

БАЛА БАҚЫЛАДА БОЛҒАНЫ АБЗАЛ

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ПЕН ҚЫЛМЫСТЫҢ АРТУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫН ЖҮРГІЗУ, ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМНІ АРТТЫРУ ӨТЕ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ. КЕЛЕҢСІЗ ЖАЙТТАРДЫҢ КӨБЕЮІНІҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІНІҢ БІРІ РЕТІНДЕ ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕНІҢ ТӨМЕНДЕУІ ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ, АТА-АНАЛАРДЫҢ КӨПШІЛІГІНІҢ ЖҰМЫСБАСТЫЛЫҚ САЛДАРЫНАН ОЛАРҒА ТИІСТІ ДЕНГЕЙДЕ КӨП КӨҢІЛ БӨЛІНЕ БЕРМЕЙТІНДІГІ АЙТЫЛАДЫ.

Осы орайда аудан әкімінің орынбасары Қайрат Бөлековтің төрағалығымен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, ата-аналардың жауапкершілігін арттыру мақсатында жиын өтті. Оған аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері, ауылдық округ әкімдері, мектеп директорлары, олардың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары және мектеп психологтары қатысты. Жиын төрағасы ауданда кәmelетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар жүйелі жүргізіле тұрса ара-тұра ұсақ құқық бұзушылық кездесіп тұратынын айтып, тәрбиелік жұмысты жетілдіре тусу, жасөспірімдер арасындағы құқықтық сана мен мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыстануды міндеттеді. Ата-аналардан бааларының қауіпсіздігі үшін олардың түн мезгілінде үйден тыс жерде болмауын, араласатын ортасына, қызығушылығына көңіл бөлу, бос уақыттарын тиімді пайдалануға жұмылдыру мақсатында жауапкершілік сұралынатынын жеткізді. Аудандық полиция бөлімімен бірлесіп жүргізілетін түнгі рейдтік іс-шаралар барысында заңды өкілдерінің еріп жүруінің түнгі уақытта тұрғын үй-жайдан тыс жерде жүрген жасөспірімдер анықталғандығын айтып өтті. Кездесуге қатысушылар жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың негізгі себептерін талқылап, олардымен бөлісті. Жиынды қорытындылаған аудан әкімінің орынбасары Қ.Бөлеков түнгі рейдтік жұмыстарды тұрақты түрде ұйымдастыру, ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын күшейту, мектеп пен полиция арасындағы өзара іс-қимылды нығайту, әрбір оқушының қызығушылығын ескере отырып бос уақытын тиімді ұйымдастыру мәселелерін көтерді. Жауапты тұлғалардан құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша кешенді шараларды ұйымдастыру, тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

Айбек ӘНУАРҰЛЫ

Құрметті АМАНТАЙ дос!

Мерейлі 63 жасың құтты болсын! Кезінде портфелімізді кітапқа толтырып, алғаш мектепке барғанымыз артта қалып, міне бүгін зейнеткерлік жасқа да келіп жеттің. Ата-баба ұлағатына сәйкес өмір жолыңда айнымас дос, адал азамат ретінде танылып қана қоймай, ел мүддесі үшін білікті басшы ретінде ауданның медицина саласын дамытып өркендетуге жемісті еңбегіңмен көптің алғысына бөлендің. Біз үшін «Сары әулие» атанып, Алладан кейінгі сиынымыз болдың. Діңгегі мықты, тұғыры нық, киелі шаңырағыңа құт береке дарысын. Света екеуіңе ұлағатты ұрпағыңмен шат-шадыман өмір, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Күміс түске бояп қара шаштарды, Үлкейтеді бір кездегі жастарды. Мақтан етіп жүреміз біз Өзіңді, Аудан медицинасын кезінде басқарған. Мектебінде Орлының біз оқыдық, Тауықтай боп білім дәннн шоқыдық. Одан кейін қанат қағып қырандай, Шарықтауды бірден ойға тоқыдық. Әрқашанда табылатын қасыңнан, Жақсы білген қыр-сырынды жасыңнан. Емін еркін әзілдесіп жүретін, Барма жақын құрдасыңнан, досыңнан. Бақыт сыйлап келіп жеткен жаңа жас, Шалқар теңіз қуанышқа есік аш. Ортамызда шалқып жүріп осылай, Жүз жасқа да сергектігіңен қадам бас.

Ізгі тілекпен, достарың Асқар-Клара, Сәкен-Алма, Асылбек-Гүлсара, Ризабек-Нұрсұлу



ҰЛТТЫҚ СПОРТ ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН

ҰЛТТЫҚ СПОРТ КҮНІ АЯСЫНДА АУДАНЫҚ КІТАПХАНАДА МАЗМҰНДЫ ІС-ШАРА ӨТТІ. АТАЛАҒАН ШАРАНЫ ОРТАЛЫҚ КІТАПХАНА МЕН АНАЛАР КЛУБЫ БІРЛЕСІП ҰЙЫМДАСТЫРДЫ.



Таңғы уақытта аналар арасында тоғызқұмалақтан тартысты сайыс өтіп, қатысушылар өзара бақ сынасты. Ұлттық ойынға деген қызығушылықтың жоғары екені анық байқалды. Түстен кейін, Жаннұр Хамитқызы тоғызқұмалақ бойынша шеберлік сағат өткізді. Жеңімпаздар мен бәсене қатысқан аналарға алғыс хаттарды аудандық мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Аманжол Қайыржанұлы табыстады. Сайыс қорытындысы бойынша I орынды Талшын Айдынғалиқызы, II орынды Агиба Сарсенбайқызы, III орынды Маруся Құспанғалиқызы иеленді. Ұлттық құндылықтарды дәріптеген бұл іс-шара көпшілікке ерекше әсер қалдырды.
Мәдина ЕРБОЛАТҚЫЗЫ

МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ

ЭЛЕКТРОНДЫ ҚЫЗМЕТ АЛУ АЙМАҒЫ

ҚАЗІРГІ ТАҢДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖҮЙЕСІ ЗАМАНАУИ ТАЛАПТАРҒА САЙ ЖАҢҒЫРТЫЛЫП, ХАЛЫҚҚА ҚОЛАЙЛЫ ӘРІ АШЫҚ ФОРМАТТА УСЫНЫЛУДА. АЗАМАТТАР ҚАЖЕТТІ АНЫҚТАМАЛАР МЕН ӨТІНІШТЕРДІ ОНЛАЙН ТҮРДЕ РӘСІМДЕЙ АЛАДЫ. БҮЛ ӨЗ КЕЗЕГІНДЕ УАҚЫТТЫ ҮНЕМДЕП, АРТЫҚ ҚАҒАЗБАСТЫЛЫҚТЫ АЗАЙТАДЫ. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЭЛЕКТРОНДЫ ТҮРДЕ АЛУ ҮШІН, ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ ПОРТАЛЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАҒАН. ПОРТАЛ АРҚЫЛЫ ТҮРБІҢДАР ТҮРАІ АНЫҚТАМАЛАРҒА ТАПСЫРЫС БЕРІП, ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕРГЕ ӨТІНІШ ЖОЛДАП, ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЛИЦЕНЗИЯЛАУ ҚЫЗМЕТТЕРІН ПАЙДАЛАНА АЛАДЫ.

«Бірлік ауылдық округ әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде азаматтарға қолайлы жағдай жасау мақсатында «Өзіне-өзі қызмет көрсету» бұрышы жұмыс жасап тұр. Бұл бұрыш арнайы компьютермен, интернет желісімен және қажетті нұсқаулықтармен жабдықталған. Мұнда келушілер өз бетінше электронды қызметтерді ала алады. Қажет болған жағдайда жауапты маман кеңес беріп, бағыт-бағдар көрсетеді.

«Өзіне-өзі қызмет көрсету» бұрышының басты артықшылықтары: уақытты үнемдеу қызмет алу үдерісінің ашықтығы кезекте тұрудың азаюы. Бұл аймақ — азаматтарға қолайлы жағдай жасап, мемлекеттік қызметтерді тез әрі қарапайым түрде алуға мүмкіндік береді.
Б.ИМАНҒАЛИЕВА, Бірлік ауылдық округінің бас маманы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Атырау облыстық аңшылар және балықшылар қоғамы» ҚБ ҚР Экологиялық кодекстің 73-бабының талаптарына сәйкес 2026 жылғы 27 сәуір сағат 11:00-де Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Бірлік а.о., Бірлік ауылы, Мұхамбетшарип Бекбаев көшесі, 34Б «Атырау облысы Құрманғазы ауданы Бірлік ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ мекен жайы бойынша «Атырау облысы Құрманғазы ауданы аумағында» Атырау облыстық аңшылар мен балықшылар қоғамы» ҚБ қызметінің ықтимал әсерлері туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.
Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтынан (www.ndbecology.gov.kz), сондай-ақ <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/activities/8251?lang=ru> сайттарынан танысуға болады.
Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында (www.ndbecology.gov.kz) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.
Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында (www.ndbecology.gov.kz) және <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/activities/8251?lang=ru> сайттарында ұсынылатын болады.
Онлайн қосылымдарға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/9318401523?pwd=UE04R1BKcFR1SlhWSE5UQ2x0F0ZUUT09>.
Конференция сәйкестендіргіші: 931 840 1523. Рұқсат код: 7wrUK
Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, О. Кошевой көшесі, 113, оф. 50 мекен жайы бойынша және 87053452360 телефоны бойынша алуға болады.
Жоспарланып отырған қызметтің операторы: «Атырау облыстық аңшылар және балықшылар қоғамы» ҚБ, Атырау қ., Балғымбаев к-сі, 38. БСН 920640000964, тел: 8 7122 27-14-34, 27-14-35, пошта: hunter271434@mail.ru.
Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «Е.А.Group Kazakhstan» ЖШС, БСН 190540023876, Ақтөбе қ., О.Кошевой көшесі, №113, 50 үй, тел.: +77053452360.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ОО «Атырауское областное общество охотников и рыболовов», в соответствии с требованиями статьи 73 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 11 час 00 мин. 27 апреля 2026 года по адресу: Атырауская область, Курмангазинский район, Бириликский с.о., с.Бирилик улица Мухамбетшарип Бекбаева, 34Б. ГУ «Аппарат акима сельского округа Бирилик Курмангазинского района Атырауской области» состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Отчет о возможных воздействиях деятельности ООО «Атырауское областное общество охотников и рыболовов» на территории Курмангазинского района Атырауской области».
С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» (www.ndbecology.gov.kz), а также на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/activities/8251?lang=ru>
Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» (www.ndbecology.gov.kz).
В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на сайте «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» (www.ndbecology.gov.kz) и на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/activities/8251?lang=ru>.
Ссылка на онлайн-подключение: <https://us04web.zoom.us/j/9318401523?pwd=UE04R1BKcFR1SlhWSE5UQ2x0F0ZUUT09>.
Идентификатор конференции: 931 840 1523. Код доступа: 7wrUK
Дополнительную информацию по материалам проекта можно получить по адресу Актюбинская область, г. Актөбе, ул.О. Кошевого, 113, оф. 50 и по тел: 87053452360
Оператор намечаемой деятельности: ООО «Атырауское областное общество охотников и рыболовов», г. Атырау, ул. Балғымбаева 38. БИН 920640000964, тел: 8 7122 27-14-34, 27-14-35, почта: hunter271434@mail.ru.
Разработчик проектной документации ТОО «Е.А.Group Kazakhstan», БИН 190540023876, г. Актөбе, улица О.Кошевого, дом №113, 50, тел.: +77053452360.

ТАСҚЫНҒА ТОСҚАУЫЛ

КӨКТЕМГІ СУДАН КӨП ҚАУІП



КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫ – КҮННІҢ ЖЫЛЫНЫП, ҚАРДЫҢ ЕРУІ САЛДАРЫНАН ӨЗЕН-КӨЛДЕРДІҢ АРНАСЫНАН ТАСЫП, АЙНАЛАСЫНА ҚАУІП ТӨНДІРЕТІН ТАБИҒИ-ТЕХНОГЕНДІК АПАТТЫ ЖАҒДАЙ. ОЛ ҮЙ-ЖАЙЛАРДЫҢ, ТҮРАЛЫҚ ҒИМАРАТТАРДЫҢ СУ АСТЫНДА ҚАЛУЫНА, КӨПІРЛЕР МЕН ЖОЛДАРДЫҢ ҚИРАУЫНА, ЖАН-ЖАНУАРЛАРДЫҢ ТҮНШЫҒУЫНА АПАРЫП СОҚТЫРЫП, ЕЛЕУЛІ МАТЕРИАЛДЫҚ ШЫҒЫНДАРҒА БАТЫРАДЫ. НАУРЫЗ ТҮЫП, КӨКТЕМНІҢ КЕЛУІ, БҮРЫНҒЫДАЙ ЕМЕС АРНАЛАРДЫҢ ТОЛЫ БОЛУЫ СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ ҚАУІП БОЛАТЫНЫН ТАҒЫ ДА ЕСКЕ САЛҒАНДАЙ. СОҢҒЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ ТАБИҒИ АПАТТАР БҮЛ МӘСЕЛЕНІҢ МАУСЫМДЫҚ ЕМЕС, ЖҮЙЕЛІ СИПАТ АЛҒАНЫН АНЫҚ КӨРСЕТТІ. КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫН ЖЕРГІЛІК АТҚАРУШЫ ОРҒАН ҚЫС МЕЗГІЛІНЕН БАСТАП ҚОЛҒА АЛДЫ. БҮЛ МӘСЕЛЕ АУДАН ӘКІМЛІГІНІҢ, АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ҮДАЙЫ НАЗАРЫНДА, «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ ФИЛИАЛЫНДА ӨТКЕН ДЕПУТАТТАР ФРАКЦИЯСЫНЫҢ СОҢҒЫ ОТЫРЫСЫНДА АРНАЙЫ ҚАРАЛДЫ. АУДАН КӨЛЕМІНДЕ КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫ АЛДЫН АЛУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖӘНЕ СУ ТАСҚЫНЫНА ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛЫСЫНЫҢ ЖАЙ-ЖАПСАРЫН АУДАНДЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ ӘДІЛ ҚОНҚАЕВТАН СУРАП БІЛГЕН ЕДІК. ОЛ ТӨМЕНДЕГІ МӘЛІМЕТТЕРДІ АЛДЫМЫЗҒА ТОСТЫ.

Аудандағы ауылдық округтің 16-сында өзен-су бойына жақын орналасқандықтан көктемгі тасқыннан су басу қауіп бар. Өңірдің басты су артериясы саналатын Қиғаш және Шарон өзендері елді мекендер аумағымен өтеді. Қиғаш өзенінің оңтүстігінде орналасқан Каспий теңізімен арақашықтық 75 шақырымды құрайды, ені-80-100 метр, жоғарғы деңгейлі тереңдігі 4,6 метр. Шарон өзені елді мекендер аумағымен 98 шақырым ағып өтіп, Құрманғазы ауылының оңтүстігінен 35 шақырым шамасында Каспий теңізіне құяды, ені 35-50 метр, орташа болжамды тереңдігі 3,16 метр. Негізгі көктемгі су тасқыны орташа есеппен 47 күнге созылады. Қазіргі уақытта Еділдің бойындағы Волгаград су электр стансасында (ГЭС) екі шлюздің жарамсыз күйде болуына байланысты трансшекаралық Қиғаш, Шарон өзендеріндегі су деңгейінің көтерілуі байқалауда. Құрылысы 1980 жылдары салынған шлюздер Еділ өзені мен оның тармақтарындағы, соның ішінде ауданымыздың негізгі ауызсу көзі болып табылатын Қиғаш өзеніндегі су деңгейін ретлеп отырады. 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қиғаш өзеніндегі су деңгейі 5,85 метрден 6,72 метрге дейін, яғни 87 сантиметрге көтерілді. Гидролог мамандардың және Қиғаш су сорғы станциясының болжамы бойынша су жіберу көлемі ұлғая берсе су деңгейі 5-6 есе артып, көлемі секундына 26000 текше метрге дейін жетуі мүмкін. Бұл өз кезегінде су деңгейінің 8 метрден жоғары

көтерілуіне алып келіп, ауданның Қиғаш, Дыңғызыл, Шортанбай, Көптоғай, Бөкейхан және Кудряшов ауылдық округтерін су басу қауіпін тудырады.

Тасқын судан қорғану мақсатында Дыңғызыл ауылында екі алаңға, біріншісінде 3553,55 метр, екіншісінде 259,62 метр жерге бөгет көтеру жүргізіліп, межелеген жұмыстар 100 пайызға орындалды. Шортанбай ауылындағы ұзындығы 1585,05 метр жаға бойын көтеру жұмыстарына қажетті материалдар жеткізіліп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі уақытта 50 метрдің геопшунты қағылып, бітпеген 20 метр жерге битум құюды бастады. Қазіргі уақытта мұнда трактор, манипулятор, тиегіш және өздігінен төтетін төрт техника мен жеті адам жұмылдырылып жұмыс жасап келеді. Көптоғай ауылындағы біржарымдық солтүстік және екі шақырымнан асатын оңтүстік алаңда бөгет көтеру жұмыстары толықтай аяқталды. Нақтылай кетсек, Дыңғызылда 3700 текше метр топырақ көтеріліп, 290 метр жерге пластик геопшунт, 110 метр жерге теміршунт қағылды. 800 шаршы метр геотекстид, 800 шаршы метр георешетка төселіп, бетон құю арқылы бекітілді. Шортанбайда 1500 текше метр бөгет топырақпен биіктетіліп, жоба бойынша барлығы 895,8 метр жерге геопшунт орналастырылды. Көптоғайда да 3200 текше метр топырақпен бөгет соғылып,

216 метр жерге геопшунт, 167 метр жерге теміршунт қағылды.

Су тасқынынан күрделі жағдай туындай қалса тұрғындарды эвакуациялайтын орын дайындалып қою жоспарланды. Аудан аумағында орналасқан 28 эвакуациялық қабылдау пункттері мен 5 эвакуациялаудың аралық пункттері дайындыққа келтірілетін болады. Халықты орналастыру және тасымалдау үшін Құрманғазы аграрлы-техникалық колледжі мен ауданның білім бөлімінің мекемелеріндегі автобустарды уақытша пайдалану жөнінде келісілді. Сонымен бірге үй-жайсыз қалғандарды тамақтандыру және күнделікті қажетті тауарлармен, гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету мақсатында 37 жеке кәсіпкермен келісімшарт жасакталды. Аудандық ауруханаға қарасты әр округтегі 14 дәрігерлік амбулатория медициналық қызмет көрсететін болады. Дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы бұйымдар қоры алдын-ала жасакталды.

Аудандағы төтенше жағдайды қалпына келтіруге тартылатын жалпы техниканың саны нақтыланды, есебіміз бойынша 22 трактор, 2 бульдозер, 4 жүк автокөлігі, 8 вакуумды сорғыш, 1 Трэкол, 3 моторлы қайық, 33 мотопомпа сақандай сай тұр. Көктемгі су тасқыны кезінде республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар тас жолдарында жырылу мүмкін қауіпті учаскелері анықталмады. Ауданда жарияланған төтенше жағдайлар режиміне байланысты облыс шегіндегі Қиғаш өзенінің су көлемін ұлғайту және гидрологиясын жақсарту бойынша «Bertys Construction» ЖШС мекемесімен жүргізіліп жатқан түп тереңдету жұмыстары келетін су қорын барынша тиімді қабылдауға мүмкіндік берді. Жалпы аудан басшылығымен, округ әкімдерімен тығыз байланыста болып, қадағалап отырамыз, назарымыздан тыс қалған емес.

«Жаман айтай жақсы жоқ» дегендей, төтеншеліктер су тасқынына байланысты қауіп бар екенін жасырмайды. Жауапты мамандар көктемде келетін мол суды тасқын болдырмай аудан аумағынан жоспарлы түрде өткізіп жіберуге дайын болуымыз қажеттігін айтады. Алайда апат айтып келмейтіні тағы бар, қалай десек те қауіпті аймақтарда барлық сақтық шараларын қолданып, тұрғындардың зардап шектірмеуге әзір болуымыз қажет. Көктем келсе өзен жағасына жақын орналасқан халықтың мазасы кетеді. Кей жағдайда табиғаттың тосын мінезін қарсы тұру мүмкін болмай да қалады. Алайда, қол құсырып отыруға тағы болмайды, ондай сағырттықтың соңы неге әкеліп соғатынын бұған дейін орын алған апаттарға қарап-ақ болжай беріңіз.

Жүз күн тодды өзіңнен айрылғалы,
Баса алмаймыз іштегі қайғыны әлі.
Қаралы желтоқсанда сан соқтырған,
Көңілдің құлазиды айдыңдары.
Өмірде адалдықпен бағың жанды,
Амал не шектеді ғой татар дәмді.
Сағынышпен өзіңді еске аламыз,
Жәннатта болғай дейміз жаның мәңгі.

Шаңырағымызға түскен ауыр қайғымызға ортақтасып, басымызды сүйеген ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаран, көрші-көлемдерге ризашылығымызды білдіре отырып, арақты ұл, қимас бауыр, асыл өке

Исағалиев Ринат Рафхатұлының өмірден өткеніне 100 күн толу қадесі өз шаңырағында 3-ші сәуір күні өтетінін хабарлаймыз.

Еске алушылар:
анасы Баян, бауырлары
Мекен жайымыз:
Хиуаз ауылы,
Мақаш әкім көшесі, 4 үй



| ТҮЙТКІЛ

АДАМ САУДАСЫ АЗАЙМАЙ ТҮР

ӨЗГЕ АДАМДЫ АЛДАП ҚАҚПАҢҒА ТҮСІРІП, ҚҰЛДЫҚҚА САЛУ ӘЛІ ДЕ ТҮЙЫЛМАУДА. ПРЕЗИДЕНТІМІЗ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ 2025 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНДА: «ЖАҒАНЫҚ ДЕСТРУКТИВТІ КҮШТЕР ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТЕР МЕН ДӘСТҮРЛЕРДІҢ ІРГЕСІН ШАЙҚАУДА. БОСҚЫНДАРЫҢ САНЫ КӨБЕЙІП, КӨШІ-ҚОН ДАҒДАРДЫҢ ТҮЙЫНДАДЫ. АДАМ САУДАСЫ, ҚАРУ-ЖАРАҚ ПЕН ЕСІРТКІ САУДАСЫ ДА ӨРШІП ТҮР» ДЕП АТАП ӨТТІ. БҮҒАН ДЕЙІН МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖАҒДАЙ КҮРДЕЛІ ЕКЕНІН, АДАМ САУДАСЫ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГТЕР МЕН БАЯНДАМАЛАРДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҒДАЙЫ ОНША ЕМЕСТІГІНЕ АЛАҒАУШЫЛЫҚ ТАНЫТҚАН. 2024 ЖЫЛЫ 24 ШИЛДЕДЕ ПРЕЗИДЕНТІМІЗ «АДАМ САУДАСЫНА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ» АРНАЙЫ ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ.



2025 жылы әлемдегі адам саудасы мәселесі маңызды болып қала берді. Дүние жүзі бұл қылмысқа қарсы күресуде. Соған қарамастан тамырына балта шабылмауда. БҮҮ-ға мүше елдер халықты ақпараттандыруға, осы құбылыстың алдын алуға және оған қарсы тұруға бағытталған ауқымды акциялар өткізеді. Бүгінде жасаңды интелекті пайдалану құқық қорғау органдары мен адам саудасына қарсы ұйымдарға қылмыстарға жедел әрекет етуге және оның алдын алуға мүмкіндік туғызуда. Жасанды интелект жүйелері телефон қоңыраулары мен интернет-трафиктен қаржылық операцияларға дейінгі үлкен көлемдегі деректерді таңдау арқылы адам саудасын анықтауға көмектеседі. Қай жерде болмасын, мемлекет өзінің әрбір азаматының қауіпсіздігіне жауапты және оған кепілдік береді. Қазақстан адам саудасымен күресетін бірнеше халықаралық шарттар мен келісімдерге қол қойған.

Өткен жылы да елімізде ұйымдасқан қылмыстық топтар трансшекаралық қызметті жүзеге асырды, құрбандарды тарту үшін заңнамадағы олқылықтар мен технологияларды қолданды. Зардап шеккендер көбінесе қоғамның аз қоралған өкілдері – халықтың кедей топтары, әлеуметтік азшылықтар, босқындар және заңсыз мигранттар. Статистикалық мәліметтерді сөйлестік, 2025 жылы елімізде адам саудасының 171 құрбанына арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетілді. Бұл 94 ер адам, 52 әйел және 25 бала. Олармен бірге 93 шетелдік те қолдау алды. Зардап шеккендерге уақытша баспана, медициналық және психологиялық, жұмысқа орналасуға және құжаттарын қалпына келтіруге көмек берілді. Сонымен қатар, ҚР ІІМ-нің мәліметтері бойынша, 2025 жылы адам саудасына байланысты 164 қылмыс тіркелген. «STOP трафик» операциясы аясында рейдтердің төрт кезеңі өткізілді. ҰҚК Шекара қызметі заңсыз көші-қонның 29 арнасының жолын кесті, ал Астана мен Алматы халықаралық әуежайларында шетелдік азаматтардың үш көмелетке толмаған қазақстандықты заңсыз әкелуінің жолын кесті. Азаматтардың ел шекаралары арқылы заңсыз өтуіне жол бермеу үшін заманауи шекаралық бекеттер жабдықталуда және техникалық бақылау шаралары енгізілуде. Шекаралық әуеуетті делдалдар мен адам саудасының құрбандарын тиімді анықтау және ұстау үшін оқыту бағдарламалары жүргізілуде.

Туған балаларын сататын тас жүрек аналар да бар. Мұны қылмыскерлер тиімді пайдаланауда. Кейбірі бала күтуге жағдайы жоқтығын алағ тарттады. Бірақ, бұл сылтау емес. 2025 жылы жаңа туған нәрестелерді сатумен айналысатын топтың қызметі тоқтатылды. Ұйымдастырушылар жас әйелдердің өміріндегі қиын жағдайды пайдаланып, оларды ақша үшін сәбилерді үшінші тұлғаларға беруге көндірген. Топтың барлық қатысушылары ұсталды, 20-дан астам қылмыстық іс тергелуде. Адамдарды мәжбүрлі еңбекке тарту арқылы оларды пайдалану фактілері анықталған. Абай облысында осындай 11 қылмыстық іс қозғалып, олардың материалдары сотқа жіберілген.

Қанат ҒУМАРОВ

СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕ...

АУМАҚТЫ СУ БАСУ ҚАУІПН БАЙҚАҒАН КЕЗДЕ ТЖ ҚЫЗМЕТІНІҢ 112 НӨМІРІ БОЙЫНША СОҒЫП, ХАБАРЛАУ ҚАЖЕТ. ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН, ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ АРҚЫЛЫ ӨЗІҢІЗ БЕН ЖАҚЫҢДАРЫҢЫЗДЫҢ ӨМІРІН АРАШАЛАП ҚАЛУ МҮМКІНДІГІҢІЗ КӨБЕЙЕДІ. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МЕН ІС-ӘРЕКЕТ ЖӨНІНДЕГІ НҮСҚАУЛЫҚТАР МЕН АҚПАРАТТАРДЫ МҮҚИЯТ ТЫҢДАҢЫЗ, ТЕЛЕФОН ЖЕЛІСІН ҚАЖЕТІНСІЗ ҚОЛДАНБАҢЫЗ, СІЗБЕН БАЙЛАНЫСАР КЕЗІНДЕ ЖЕЛІ БОС БОЛУЫ КЕРЕК.



Сабырлық сақтап, көршілерге ескерткіңіз, мүгедектерге, балаларға және де егде жастағы адамдарға көмек көрсетіңіз. Жергілікті билік орындарынан эвакуация үшін тұрғындарды жинау орнын анықтап, соған жедел барыңыз. Қауіптің боларын алдын ала сезген жағдайда үй ішіндегі техникалық заттар мен тоққа қосылған барлық затты қуат көзінен ажыратып, су өтпейтін жерге қойыңыз. Есік-терезені қымтап жауып, ең құнды деген құжаттарды өзіңізбен алып жүріңіз. Бір киер киіңізді, уақытша ішпек-жемегіңізді және жылы көрпеше алуы да ұмытпаңыз.

Барынша апат болатын аймақтан қандай жағдай болмасын алыс жүруге және ерте бастан қам жасап, көшуге тырысыңыз. Ал егер су тасқыны бола қалған жағдайда биік

жерге шығуға тырысыңыз. Су көлемі сізге жетпейтініне көз жеткізіңіз. Құтқарушылар келгенге дейін көзге көрінетін жерде және қауіпсіз жерде болыңыз. Бұл сізді тауып алуға септігін тигізеді. Малдың емес, жанның жайын ойлаңыз. Бас аман, ден сау болса дүние табылары анық.

Суға ағып кетуі қауіпті болған жағдайда барынша жағаға ұмтылуға тырысыңыз. Тал бұталарын қармап қалуға, ық ретінде алып тастардың үстіне шығуға талпыныңыз. Қалай болғанда да сабыр сақтаңыз. Суда жүзуге тура келетін жағдай болса барынша сақтықпен барыңыз. Өйткені суық суда үш минут тұруға болады. Ал арада 6 минут өткен соң ұстама ауруы басталуы мүмкін. Аяқ-қолыңыз

тартылып қалмас үшін де абай болыңыз. Ең соңғы амал су ағысы қатты өрі сіз қармайтын ештеңе болмаған жағдайда, су бетінде қалқуға қауқарлы затты ұстап алыңыз. Бұл уақыт ұтуыңызға және көмек келгенше амалдауға көмектеседі.

Айналаңызда зардап шегушілер жоғына көз жеткізіңіз, болған жағдайда шамаңыз келгенше көмек қолын созуға тырысыңыз. Судың бетіндегі адамдарға құрғақ, жылы киім кигізіп, тыныштандыратын дәрі беру арқылы алғашқы көмек көрсету керек. Судың астында қалып қойған жағдайда үстіңіздегі ауыр киімдер мен аяқ киімді шешіп, жақын маңнан көмек келгенше пайдалана тұратын зат тауып алыңыз. Құтқару құралдарын артық заттармен толтырмаңыз.

Айбек НӘЖІМОВ